

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі бас сауда басқармасына қаржылай көмек көрсету туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 25 қыркүйек N 1279

Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерін сауда-тұрмыстық қамтамасыз етуді жақсарту, әскери бөлшек сауда жүйелерін бәсең баға бойынша күнделікті сұраныс тауарларымен молықтыру үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің және Қаржы министрлігінің Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің бас сауда басқармасын және оған бағынысты әскери саудаларды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мекемелерінің кредиттік-есеп айырысу қызметінде қалдыру туралы ұсынысына келісім берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министріне Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің бас сауда басқармасының айналым қаражатын толықтыру үшін Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін ұстаптаға республикалық бюджет бойынша көзделген қаражат есебінен қайтарым негізінде 50 (елу) млн. теңге бөлуге рұқсат етілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі